


| | | |
|---|---|--|
|  ҚазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small> | «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ | |
| Құжаттың атауы: «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен, жеке қорғау құралдарымен қамтамасыз ету жөніндегі корпоративтік стандарт | | |
| Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты | Коды: №: КМГ-ST-3407.1-13 | 15 беттің 1-беті |
| Әзірлеген: Исақызы Ж. _____ 2019 жылғы « ____ » _____ | Тексерген: Қуанбаева Е.В. _____ 2019 жылғы « ____ » _____ | «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының 2019 жылғы « ____ » _____ шешімімен бекітілген, № ____ хаттама |

1. Құжаттың мақсаты және жалпы ережелер

1.1. Осы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен, жеке қорғау құралдарымен қамтамасыз ету жөніндегі корпоративтік стандарттың (бұдан әрі – Стандарт) мақсаттары:

1) зиянды және/немесе қауіпті өндірістік факторлардың әсеріне байланысты тәуекелдерді азайту үшін ЖҚҚ-ның ең аз талаптарын белгілеу;

2) ЖҚҚ-ның ҚМГ компаниялары тобының барлық деңгейлерінде өндірістік талаптарға, стандарттарға, санитариялық-гигиеналық нормалары мен өндірістік эстетика талаптарына сәйкес келуін айқындау;

3) ЖҚҚ кигенде ыңғайлылықты арттыру және ҚМГ компаниялары тобының барлық деңгейлерінде ЖҚҚ-ны бірыңғай корпоративтік стильге келтіру;

4) қызметкерлердің еңбек жағдайын жақсартуды ойлайтын әлеуметтік-жауапты компания ретінде ҚМГ-нің имиджін арттыру болып табылады.


1.2. Осы Стандарт ҚМГ компаниялары тобының қызметкерлерін ЖҚҚ-мен қамтамасыз етуге қойылатын ең аз корпоративтік талаптарды белгілейді.

1.3. ҚМГ компаниялары тобының қызметкерлері жұмыс берушінің қаражаты есебінен міндетті тәртіппен ЖҚҚ-мен қамтамасыз етіледі. ЖҚҚ конструкциясын өзгертуге және қызметкерлерді өндірістік жұмыстарды ЖҚҚ-сыз орындауға жіберуге, сондай-ақ бұзылған, жөнделмеген және ластанған ЖҚҚ қолдануға тыйым салынады.

1.4. ЖҚҚ беру нормалары ұйымның ішкі бекітілген құжаттарымен белгіленеді. Функционалдық міндеттеріне ҚМГ компаниялары тобының өндірістік объектілеріне бару кіретін ҚМГ корпоративтік орталығының қызметкерлері жазғы және қысқы арнайы киім жинақтарымен қамтамасыз етіледі.

1.5. ЖҚҚ беру нормаларында көзделген ЖҚҚ зиянды және қауіпті өндірістік факторлардан қажетті қорғауды қамтамасыз етуі тиіс.

1.6. Апаттардың, апат жағдайының салдарын жоюға байланысты біржолғы жұмыстарға тартылатын қызметкерлер, орындалатын жұмыстардың сипаты мен шарттарына сәйкес, қажетті ЖҚҚ-мен қамтамасыз етілуі тиіс.

| | | |
|--|---|-------------------------|
|  ҚазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ЖҰРТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small> | «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен, жеке қорғау құралдарымен қамтамасыз ету жөніндегі корпоративтік стандарт | |
| ИБЖ корпоративтік стандарты | KMG-ST-3407.1-13 | 15 беттің 2-беті |

1.7. Өндірістік объектілерге барған кезде, келушілер міндетті түрде ұйымнан кезекші ЖҚҚ-мен қамтамасыз етіледі, бұл ретте, аталған адамдарға ҚМГ компаниялары тобының объектілерінде ЖҚҚ-сыз болуға тыйым салынады.

2. Қолдану аясы

2.1. Осы Стандарт ҚМГ компаниялары тобының барлық қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті.

2.2. ҚМГ компаниялары тобының Стандартты қолдануы белгіленген тәртіппен осы секілді Стандарттарды әзірлеу және бекіту немесе ұйымның ішкі құжаттарын осы Стандартқа сәйкес келтіру арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл ретте, осы Стандартпен ұйымның осы секілді стандарттарында және ішкі құжаттарында көзделген талаптар төмендетілмеуі тиіс.

3. Айқындамалар мен қысқартулар

3.1. Осы Стандартта келесі айқындамалар мен қысқартулар қолданылады:

ҚМГ-нің еңбекті және қоршаған ортаны қорғау (ЕҚОК) блогы – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен, жеке қорғау құралдарымен қамтамасыз ету бойынша жауапты құрылымдық бөлімше мен бизнес-процесс иесі;

Зиянды өндірістік фактор – қызметкерге тиген әсері оның ауруына немесе еңбекке жарамдылығының азаюына және/немесе оның ұрпағының денсаулығына теріс әсердің тиюіне әкеп соға алатын фактор;

ҚМГ компанияларының тобы – ҚМГ мен дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп проценті тікелей немесе жанама түрде ҚМГ-ге меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында тиесілі заңды тұлғалар, сондай-ақ қызметін ҚМГ бақылауға құқылы заңды тұлғалар;


Кезекші ЖҚҚ – олар арналған жұмыстарды орындау уақытына қызметкерлерге берілетін кезекші жеке қорғау құралдары (қорғайтын көзілдіріктер, диэлектрлі галоштар мен биялайлар, диэлектрлі резеңке кілемше және басқалары);

ЕТҰ – ҚМГ-нің еншілес ұйымдары мен тәуелді қоғамдары, оның ішінде бірлесіп бақыланатын ұйымдары мен бірлескен кәсіпорындары;

Кодекс – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;

ҚМГ – «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы;

Арнайы киім, арнайы аяқ киім мен басқа да ЖҚҚ беру нормалары пайдалану мерзімі көрсетілген, қызметкердің жұмыстарды орындау уақытындағы қауіпсіз қызметін қамтамасыз етуге қажетті ЖҚҚ заттарының

| | | |
|---|---|-------------------------|
|  КазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small> | «КазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен, жеке қорғау құралдарымен қамтамасыз ету жөніндегі корпоративтік стандарт | |
| ИБЖ корпоративтік стандарты | KMG-ST-3407.1-13 | 15 беттің 3-беті |

жиынтығы. ЖҚК беру нормалары өндірістің түріне, жұмыстардың түріне, қызметкердің лауазымына (кәсібiне), еңбек жағдайына байланысты болады. ЖҚК қызметiнiң мерзiмi ол қызметкерге iс жүзiнде берiлген күннен бастап есептеледi. Қысқы ЖҚК қызметiнiң мерзiмiне оларды жылдың жылы уақытында сақтау мерзiмiн қамтиды;

Объект – ҚМГ/ЕТҰ өндірістік қызметінде пайдаланылатын және олардың аумақтарында (келісімшарттық аумақтарында) орналасқан ғимараттар, құрылыстар, үй-жайлар, технологиялық жабдық пен өндірістік құрылыстар;

Қауіпті өндірістік фактор – қызметкерге тигізетін әсері оның жұмысқа қабілеттілігінің уақытша немесе тұрақты жоғалуына (өндірістік жаракатқа немесе кәсіби ауруға) немесе өлімге әкеп соға алатын өндірістік фактор;

Өндірістік құрылымдық бөлімше (ҚБ) – ЕТҰ-ның құрылымдық бөлімшесі (цехы, учаскесі) туралы ережеде белгіленген дербес функциялары, міндеттері мен өз құзыретінің шегіндегі жауапкершілігі бар ЕТҰ-ның құрылымдық бөлімшесі;

Қызметкер – жұмыс берушімен еңбек қатынастарында тұратын және жұмысты еңбек шарты бойынша тікелей орындайтын қызметкер/жеке тұлға;

Жұмыс орны – қызметкер еңбек қызметінің процесінде еңбек міндеттерін орындаған кезде оның тұрақты немесе уақытша орналасқан жері;


ЖҚК-ның сәйкестік сертификаты – ұлттық стандарттардың, халықаралық және мемлекетаралық стандарттардың, ұйымдар стандарттарының, ерікті сертификаттау қағидалары мен жүйелері жиынының (оның ішінде өнім сапасы) талаптарына, сондай-ақ шарттардың талаптарына сәйкестілікті куәландыратын құжат;

Ұжымдық пайдаланудағы ЖҚК – сақтандырғыш белбеу, диэлектрлі галоштар (боттар), диэлектрлі биялайлар, қалқаншалар, сусіңірмейтін капюшоны бар плащтар мен басқалар;

Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау (ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ) қызметі – ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы қызметтің бағыты үшін жауапты ЕТҰ-ның құрылымдық бөлімшесі, ол болмаған жағдайда, ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы ЕТҰ құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіретін маман;

Материалдық-техникалық қамту қызметі (МТҚ) – материалдық-техникалық ресурстардың өндірісін қамтамасыз ететін ЕТҰ-ның құрылымдық бөлімшесі;

Жеке қорғау құралдары (ЖҚК) – Қызметкерлерді зиянды және/немесе қауіпті өндірістік факторлардан қорғауға арналған жеке қорғау құралдары, оның ішінде арнайы киім, арнайы аяқ киім (киім, аяқ киім, бас киім, биялайлар мен басқалары).

| | | |
|---|---|---|
|  ҚазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small> | <p align="center">«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен, жеке қорғау құралдарымен қамтамасыз ету жөніндегі корпоративтік стандарт</p> | |
| <p align="center">ИБЖ корпоративтік стандарты</p> | <p align="center">КМГ-ST-3407.1-13</p> | <p align="center">15 беттің 4-беті</p> |

3.2. Осы Стандартта келесі қысқартулар қолданылған:

ЕҚЖЕК – еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау;

ИТҚ – инженерлік-техникалық қызметкерлер;

ҚСТ – қышқыл-сілтіге төзімділік;

МБТ – май-бензинге төзімділік;

МССҚ – май-сужұқтырмаушылық қасиеттер;

МТҚ – материалдық-техникалық қамту қызметі;

ТТШШ – тұтанудың төменгі шоғырландыру шегі;

НТҚ – нормативтік-техникалық құжаттама;

ӨҚ – өрт қауіпсіздігі;

ПВХ – поливинилхлорид;

ӨТБ – өндірістік-техникалық байланыс;

ПУ – полиуретан;

РҚБ – ЕТҰ құрылымдық бөлімшесінің басшысы;

ЖҚҚОД – тыныс органдарын жеке қорғау құралдары;

ЕҚТЖ – еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі;

ҚБ – ЕТҰ құрылымдық бөлімшесі;

ТҚ – техникалық қызмет көрсету;

ТПУ – термополиуретан;

ТЖ – төтенше жағдайлар;

SRC – сырғанауға қарсыласу деңгейі.

4. Жауапкершілік

4.1. ҚМГ ЕҚОҚ блогы:

1) ҚМГ компаниялары тобының қызметкерлерін ЖҚҚ қамтамасыз ету және Стандарттың талаптарын орындау процесін ұйымдастыруға әдістемелік жәрдемдесу;


2) Стандартты өзекті күйде сақтау үшін жауап береді.

4.2. ҚМГ компаниялары тобының қызметкері:

1) ЖҚҚ-ны жұмыс орнында осы Стандарттың талаптарына сәйкес қолдану;

2) өндірістік ҚБ басшысының сұрауы бойынша өздерінің антропометриялық деректерін беру;

3) жұмыстар аяқталғаннан кейін ЖҚҚ-ны ретке келтіру, қажет болған жағдайда, ЖҚҚ құрғату, тазарту немесе жууға (тазалауға) тапсыру;

| | | |
|---|---|-------------------------|
|  КазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small> | «КазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен, жеке қорғау құралдарымен қамтамасыз ету жөніндегі корпоративтік стандарт | |
| ИБЖ корпоративтік стандарты | KMG-ST-3407.1-13 | 15 беттің 5-беті |

4) ҚМГ компаниялары тобының ішкі құжаттарының талаптарына және ЖҚҚ өндірушілерінің ұсынымдарына сәйкес берілген ЖҚ-ны пайдалану және сақтау;

5) бұзылған ЖҚҚ, сондай-ақ пайдалану мерзімі аяқталған ЖҚҚ қолданыла алмайтындықтан, пайдалану алдында жеке қорғау құралдарын тексеру;

6) тікелей немесе жоғары тұрған басшыға бұзылған ЖҚҚ туралы уақытылы хабарлау;

7) тікелей немесе жоғары тұрған басшыға арнайы киім мен аяқ киімді және басқа да ЖҚҚ-ны тазалау, жуу, жөндеу қажеттілігі туралы уақытылы хабарлау;

8) ЖҚҚ-ны орынсыз пайдаланбау, ЖҚҚ конструкциясына өндірушімен келісілмеген өзгерістер енгізбеу үшін жауап береді.

4.3. Ұйымның басшысы:

1) ЖҚҚ беру нормаларын уақытылы бекіту;

2) бөлімшелердің персоналын қажетті ЖҚҚ-мен қамтамасыз ету жұмысын ұйымдастыру;

3) ЖҚҚ жууды (оның ішінде химиялық тазартуды), ЖҚҚ-ны жөндеу мен өлшемі бойынша ықшамдауды ұйымдастыру үшін жауап береді.

4.4. Ұйымның ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметі:

1) бөлімшелерді тиісті арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және басқа да ЖҚҚ-мен қамтамасыз етуді бақылау;

2) пайдаланылатын ЖҚҚ-нің өндірістік шарттарға, стандарттар мен санитариялық-гигиеналық нормаларға сәйкес келуін айқындау;

3) ЖҚҚ-нің жаңа түрлерін енгізудің техникалық талаптары мен шарттарын әзірлеу;


4) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ талаптарына сәйкес ЖҚҚ беру нормаларын өзгерту немесе толықтыру бойынша негізделген ұсыныстарды құрастыру және дайындау;

5) ЖҚҚ-ның дұрыс берілуін, сақталуын, күтілуі мен пайдаланылуын бақылау үшін жауап береді.

4.5. Ұйымның өндірістік ҚБ басшысы:

1) қызметкерлерді ЖҚҚ-мен қамтамасыз ету және ЖҚҚ-ның есептік қажеттілігін дайындау;

2) объектідегі/жұмыс орнындағы қызметкерлердің, келушілердің ЖҚҚ пайдалануын бақылау;

| | | |
|---|---|-------------------------|
|  КазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small> | «КазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен, жеке қорғау құралдарымен қамтамасыз ету жөніндегі корпоративтік стандарт | |
| ИБЖ корпоративтік стандарты | KMG-ST-3407.1-13 | 15 беттің 6-беті |

3) жұмыс алдында, жұмыстарды қауіпсіз орындау үшін қажетті бүтін ЖҚҚ-нің болуын бақылау, ал дұрыс істемейтін ЖҚҚ болған немесе олар болмаған жағдайда, қызметкерлерді жұмыстарды орындауға жібермеу;

4) еңбек қорғау талаптарын бұзатын және жұмыстарды жүргізу кезінде ЖҚҚ пайдаланудан бас тартатын қызметкерлерді жауапкершілікке тарту;

5) ҚМГ бюджеттік жоспарлаудың белгіленген мерзімдерінің шеңберінде МТҚ қызметіне жоспарланатын кезеңде ЖҚҚ-ға деген қажеттілікті жіберу;

6) қызметкерден тәуелсіз себептер бойынша пайдалану мерзімі аяқталғанға дейін жарамсыз болған ЖҚҚ-ны ұйымның тиісті актісінің бекітілген нысанының негізінде уақытылы ауыстыру;

7) ЖҚҚ дұрыс пайдалануға және дұрыстығын тексеру тәсілдеріне үйретуді (нұсқама беруді) қамтамасыз ету;

8) белгіленген мерзімдерге сәйкес ЖҚҚ-ны (сақтандырғыш белбеулерді, диэлектрлі биялайларды, ЖҚҚОД мен басқаларын) тұрақты сыналуын және тексерілуін бақылау үшін жауап береді.

4.6. Ұйымның МТҚ қызметі:

1) ЖҚҚ-ны жоспарлауды, оларға арналған өтінімдердің уақытылы және дұрыс жасалуын, сатып алуды, олармен өндірістік ҚБ-ны қамтамасыз етуді, сондай-ақ олардың қабылдануын, сақталуын, берілуін, есепке алынуын, техникалық талаптарға сәйкес жөнделуін және кәдеге жаратылуын ұйымдастыру;


2) ұйымның өндірістік ҚБ ЖҚҚ кезекші, сондай-ақ резервтік (айырбастау) қорларын ұйымдастыру;

3) қызметкерден тәуелсіз себептер бойынша пайдалану мерзімі аяқталғанға дейін жарамсыз болған арнайы киім мен арнайы аяқ киімді ұйымның тиісті актісінің бекітілген нысанының негізінде уақытылы ауыстыруды ұйымдастыру. Қызметкерден тәуелсіз себептер бойынша ЖҚҚ-ны сақтаудың белгіленген орындарында олар жоғалған немесе бұзылған жағдайда, қызметкерге жаңа ЖҚҚ беруді ұйымдастыру үшін жауап береді.

5. Сипаттама

5.1 ЖҚҚ-ға қойылатын негізгі талаптар

5.1.1. Импортталатын барлық ЖҚҚ ТО ТР 019/2011 «Жеке қорғау құралдарының қауіпсіздігі туралы» Кеден Одағының техникалық

| | | |
|---|---|-------------------------|
|  ҚазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small> | «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен, жеке қорғау құралдарымен қамтамасыз ету жөніндегі корпоративтік стандарт | |
| ИБЖ корпоративтік стандарты | KMG-ST-3407.1-13 | 15 беттің 7-беті |

регламенттеріне сәйкестік декларациясы ережелерінде жазылған қауіпсіздіктің талаптарына сәйкес келуі тиіс.

5.1.2. ҚМГ компаниялары тобының объектілеріне жеткізілетін барлық ЖҚҚ Қазақстан Республикасының мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінің сәйкестік сертификатымен ілесуі тиіс.

5.1.3. ЖҚҚ-ның қауіпті және/немесе зиянды өндірістік факторлардың әсерінен қорғалуын қамтамасыз етілуі тиіс.

5.1.4. ЖҚҚ-ның нақты бір түрін таңдау нақты процесс немесе жұмыстардың түрі үшін еңбек қауіпсіздігінің талаптары ескеріліп, жүзеге асырылуы тиіс.

5.1.5. ЖҚҚ-ны жуу, химиялық тазарту, жөндеу және зарарсыздандыру кезінде олардың қасиеттері өзгермеуі тиіс.

5.1.6. Арнайы киім мен арнайы аяқ киімнің көлемі қызметкердің антропометриялық деректеріне сәйкес келуі тиіс. Арнайы киім мен арнайы аяқ киім пайдалану кезінде ыңғайлы болуы тиіс және тиісті МЕМСТ бойынша таңдалуы тиіс.

5.1.7. Ұйымның Арнайы киім мен арнайы аяқ киім логотипіне және түсіне қойылатын талаптар (KMG-F-3411.1-13/ ST-3407.1-13) осы Стандартта көрсетілген.

5.1.8. Ұйымда пайдалануға рұқсат етілген ЖҚҚ-ға қойылатын талаптар (KMG-F-3412.1-13/ ST-3407.1-13) осы Стандартта көрсетілген.


5.2 ЖҚҚ-мен қамтамасыз етуге қойылатын негізгі талаптар

5.2.1. Қызметкерлерге берілетін ЖҚҚ жұмыс берушінің меншігі болып табылады және, қажет болған жағдайда немесе жұмыс берушінің талап етуі бойынша:

- 1) еңбек қатынастары тоқтатылғанда;
- 2) берілген ЖҚҚ ЖҚҚ-ны беру нормаларымен көзделмеген басқа жұмысқа аударылғанда;
- 3) жұмыстардың түрі өзгергенде, жаңа технологиялар енгізілгенде міндетті түрде қайтарылуы тиіс.

Қайтарылған, бірақ одан әрі пайдалану үшін әлі де жарамды ЖҚҚ, олар жуылып, зарарсыздандырылғаннан кейін, апаттық-қалпына келтіру, маусымдық, тазалау және басқа да жұмыстар кезінде кезекші қор ретінде пайдаланылуы мүмкін.

5.2.2. жылдың суық кезеңі басталғанда, ұйымның қызметкерлеріне пайдалану мерзімі жергілікті климаттық жағдайды ескеретін ЖҚҚ беру нормаларымен белгіленетін жылы арнайы киім мен арнайы аяқ киім беріледі.

| | | |
|--|---|-------------------------|
|  КазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ЖҰРТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small> | «КазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен, жеке қорғау құралдарымен қамтамасыз ету жөніндегі корпоративтік стандарт | |
| ИБЖ корпоративтік стандарты | KMG-ST-3407.1-13 | 15 беттің 8-беті |

5.2.3. Объектілерге келушілерді және уақытша қызметкерлерді ЖҚҚ-мен қамтамасыз ету мақсатында, ЖҚҚ жалпы қорының 20% көлемінде ЖҚҚ-ның кезекші қорлары құрылуы тиіс.

5.2.4. Кезекші ЖҚҚ мен ұжымдық пайдаланыстағы ЖҚҚ, олар арналған жұмыстар уақытына беріледі, олар жұмыс орындарына беріледі немесе жауапты тұлға тағайындалады және бір ауысымнан басқа ауысымға беріледі немесе олардың бөлімшенің қоймалық үй-жайда сақталуын ұйымдастырылады. Кезекші ЖҚҚ қол қойдырып беріледі және «Кезекші» деген белгімен жеке карточкаларда ескеріледі. Жаңа кезекші ЖҚҚ жиынтықтарын беру олардың физикалық тозуына қарай жүзеге асырылады. Жоғарыда көрсетілген ЖҚҚ жұмыстардың жекелеген түрлерін орындау кезінде оқтын-оқтын пайдалану үшін беріледі. Бұл ретте, бірнеше мәрте пайдалануға болмайтын және «кезекші» ретінде берілетін шуға қарсы астар, шлемнің астынан киетін жұмсақ телпектер, сондай-ақ тыныс органдарының ЖҚҚ әрбір қызметкерге жұмыс ауысымының алдында біркәртелік жиынтық түрінде беріледі.

5.2.5 Сатып алу, жеткізу, есебін жүргізу және кәдеге жарату үшін ЖҚҚ көлемдерін жоспарлау процесін автоматтандыру немесе осы процестерді сырт ұйымдарға бері мақсатында, ұйымда ақпараттық жүйелер енгізілуі мүмкін.

5.3 ЖҚҚ-ға деген қажеттілікті жоспарлау

5.3.1. Ұйымда ЖҚҚ-ға деген қажеттілікті жоспарлау әрбір күнтізбелік кезеңге (жыл) жыл сайын жүргізіледі.

5.3.2. ЖҚҚ-ға деген қажеттілікті жоспарлауды жүргізу мерзімдері ұйымның өкімдік құжаттары мен бюджеттік жоспарлау қағидаларында белгіленеді.

5.3.3. Ұйымның ЖҚҚ-ға деген қажеттілігі, қызметкерлердің бекітілген ЖҚҚ беру нормаларына, есепке алудың жеке карточкаларына сәйкес, ҚБ ЖҚҚ-ға деген қажеттілігі жиынының негізінде:

1) әрбір кәсіптегі қызметкерлердің саны (өткен жылдағы штат санына сәйкес және кейінгі жылдағы қызметкерлерге деген қажеттілік ескерілген қызметкерлердің орта тізімдік саны);


2) лауазымдары нормалармен көзделмеген, бірақ өз қызметінің түрі бойынша кейде жұмыс комиссияларының құрамында ҚМГ компаниялары тобының объектілеріне баруға міндетті әкімшілік-басқарушылық персоналдың басшылары мен мамандары;

3) уақытша қызметкерлер;

4) ЖҚҚ кезекші қорын толтыру;

5) ЖҚҚ резервтік (айырбастау) қорын толтыру;

6) кәсіптерді қоса атқару кезінде қызметкерлерге қосымша берілетін ЖҚҚ;

| | | |
|--|---|-------------------------|
|  КазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ЖҰРТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small> | «КазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен, жеке қорғау құралдарымен қамтамасыз ету жөніндегі корпоративтік стандарт | |
| ИБЖ корпоративтік стандарты | KMG-ST-3407.1-13 | 15 беттің 9-беті |

7) қоймаларда сақталатын, сақтау немесе пайдалану мерзімі жоспарланатын жылы бітетін ЖҚҚ;

8) апаттық жағдайларда, кепілдікті сақтау мерзімі ескерілген, ЖҚҚОД-ға арналған қажетті сүзілуші элементтер резерві ескеріле отырып, қалыптасады.

5.3.4. ЖҚҚ қажеттілігін жоспарлау кезінде, ЖҚҚ беру нормаларына сәйкес, пайдалану нұсқаулықтарында көрсетілген ЖҚҚ пайдалану мерзімдерін, сондай-ақ кепілдікті сақтау мерзімдерін ескеру қажет. Кепілдікті сақтау және пайдалану мерзімдері өткен ЖҚҚ есептен шығарылады.

5.3.5. Кәсіптерді қоса атқаратын немесе қоса атқарылатын жұмыстарды үнемі орындайтын қызметкерлерге, оның ішінде кешенді бригадалардағы қызметкерлерге, оларға негізгі кәсібі бойынша берілетін ЖҚҚ-дан басқа, орындалатын жұмыстардың сипаты мен шарттарына қарай, қоса атқарылатын кәсіп үшін қолданылатын нормаларда көзделген қосымша ЖҚҚ-нің басқа да түрлері беріледі.


5.3.6. ЖҚҚ-ға деген қажеттілікті жоспарлау кезінде, барлық көрсеткіштер ҚР СТ ИСО 10652-2010 Киім. Стандартты көлемдер жүйесі, ҚР СТ ИСО 3636-2008 Киім көлемдерінің белгіленімі. Еркек мен ұлдарға арналған сырт киім, ҚР СТ ИСО 3637-2008 Киім көлемдерінің белгіленімі. Әйелдер мен қыздарға арналған сырт киім заттары, МЕМСТ 17521-72 Ерлер үлгілік денебітімі. Киімді жобалауға арналған көлем белгілері, МЕМСТ 17522-72 Әйелдердің үлгілік денебітімі. Киім жобалауға арналған көлем белгілері мен жеке сақтандыру құралдары (қорғау шлемдері, белбеулер, респираторлар мен басқалары) талаптарына сәйкес, көлемдеріне, бойына қарай еркектер мен әйелдерге арналған ЖҚҚ үшін жеке-жеке ресімделеді.

5.3.7. Қажеттілікпен белгіленген арнайы киімді, арнайы аяқ киімді және басқа да ЖҚҚ сатып алуға арналған бюджетті азайтпаған жөн.

5.4 ЖҚҚ сатып алу және қабылдау

5.4.1. Өндірістік ҚБ басшылары белгіленген мерзімдерге сәйкес жоспарланатын кезеңге арналған ұйымның тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу жоспарына қосу үшін МТҚ қызметіне өтінімді жібереді.

5.4.2. Ұйымның бекітілген ТЖҚ сатып алу жоспарының негізінде тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді ұйымдастыру үшін жауапты тұлға «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №126 шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы мен дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп проценті тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-қа меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында тиесілі ұйымдардың тауарларды,

| | | |
|---|---|--------------------------|
|  ҚазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small> | «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен, жеке қорғау құралдарымен қамтамасыз ету жөніндегі корпоративтік стандарт | |
| ИБЖ корпоративтік стандарты | KMG-ST-3407.1-13 | 15 беттің 10-беті |

жұмыстарды және қызметтерді сатып алу қағидаларына сәйкес ЖҚҚ сатып алуды жүзеге асырады.

5.4.3. Өнім берушіден келіп түсетін ЖҚҚ, техникалық сипаттамалары бойынша, осы Стандартта белгіленген талаптардан төмен болмауы тиіс.

5.4.4. Ұйымның МТҚ, ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметтерінің және өндірістік ҚБ-нің ЖҚҚ қолданатын мамандарынан тұратын комиссиясы сатып алынатын ЖҚҚ сапасын техникалық ерекшеліктердің талаптарына сәйкес келу мәніне бақылауды жүргізеді.

Бағалау объектілері

- Арнайы киім;
- Арнайы аяқ киім;
- Қолды қорғайтын жеке құралдар;
- Есту органдарын қорғау құралдары;
- Көзді және бетті қорғайтын жеке құралдар;
- Тыныс органдарын қорғайтын жеке құралдар;
- Басты қорғайтын жеке құралдар.

5.4.5. Ұйымның комиссиясы берілген ЖҚҚ үлгілерінің ұйымның корпоративтік талаптарына сәйкес келу мәніне бағалауды жүзеге асырады және оның қорытындылары бойынша тиісті қабылдау актісі толтырылады. Сатып алынатын ЖҚҚ сапасын тексеру қорытындыларының негізінде ұйымның комиссиясы өндірісте пайдалану үшін жеткізілген ЖҚҚ-ны қабылдау немесе қабылдамау туралы шешім қабылдайды.


5.4.6. Тексеру қорытындылары бойынша белгіленген талаптарға сәйкес келмейді деп танылған ЖҚҚ өндірістік сынақтарға жіберілмейді.

5.4.7. ЖҚҚ жеткізушілермен шарттар жасасу кезінде ұйым шарттарға жасалатын шарттың мәніне және ЖҚҚ жеткізушінің міндеттемелеріне сәйкес келетін Стандарттың жекелеген талаптарын қосуы тиіс.

5.5. ЖҚҚ сақтау, беру, пайдалану, күту және кәдеге жарату тәртібі

5.5.1. ЖҚҚ сақтау

5.5.1.1. ЖҚҚ оларды өндірушілер белгілеген талаптарға сәйкес, түрлері, бойы, көлемдері, қорғау қасиеттері бойынша сұрыпталып, жеке құрғақ ұй-жайларда, қандай да бір болмасын улағыш, улы және оларды пайдалану кезінде

| | | |
|--|---|--------------------------|
|  КазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ЖҮРТТІК КОМПАНИЯСЫ</small> | «КазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен, жеке қорғау құралдарымен қамтамасыз ету жөніндегі корпоративтік стандарт | |
| ИБЖ корпоративтік стандарты | KMG-ST-3407.1-13 | 15 беттің 11-беті |

қызметкерлерге теріс әсер тигізе алатын басқа заттар мен материалдардан оқшаулы түрде сақталуы тиіс.

5.5.1.2. Сақтауға қабылданған ЖҚҚ дезинфекциялануы, лас пен шаңнан мұқият тазартылуы, құрғатылуы, жөнделуі тиіс және сақтау кезінде оқтын-оқтын тексерілуі тиіс.

5.5.1.3 Денсаулық үшін зиянды заттармен (қорғасын, оның қоспалары мен қосылыстары, сынап және басқалары) жұмыс істейтін қызметкерлердің ЖҚҚ сақтау мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдарының нұсқаулықтары мен нұсқауларына сәйкес жүргізілуі тиіс.

5.5.1.4 Арнайы киімді, қажетті сақтау шарттарын сақтай отырып, өндіруші фирмаларының қоймаларында сақтауға болады. Бұл ретте, қажетті көлемде арнайы киімді жіберу шарттың талаптарына сәйкес жүргізіледі.

5.5.2. ЖҚҚ беру

5.5.2.1. ЖҚҚ қызметкерді жұмысқа қабылдау, басқа жұмысқа аудару кезінде немесе бұрын берілген ЖҚҚ кию мерзімінің бітуіне байланысты берілуі тиіс.

5.5.2.2. ЖҚҚ-ны пайдалануға беру кезінде қызметкерлердің есебіне қосылуы тиіс және осы Стандарттың 3-ережесіне сәйкес, қызметкердің жеке есеп карточкасына жазылуы тиіс. Электрондық ЖҚҚ карточкасын жүргізу мүмкіндігімен кию мерзімдерін және, қажет болған жағдайда, ЖҚҚ беру журналын жүргізіп, цехтарда рұқсат қағазы бойынша беруді бақылау үшін, ЖҚҚ берудің жеке есеп карточкасы өндірістік ҚБ (бөлімдерде) сақталады.


5.5.2.3. Жыл маусымы (қысқы немесе жазғы) аяқталғаннан кейін, қызметкерлерге берілген арнайы киім мен арнайы аяқ киімді қызметкерлер сақтайды.

5.5.2.4. ЖҚҚ пайдалану мерзімдері күнтізбелік белгіленеді және олар қызметкерлерге іс жүзінде берілген күннен бастап есептеледі.

Қысқы арнайы киім мен қысқы арнайы аяқ киім кию мерзімдері, ЖҚҚ беру нормаларына сәйкес, климаттық белдеулерге қарай, күнтізбелік айларда белгіленеді.

Қазақстан Республикасы өңірлерінің климаттық белдеулері

| Белдеу | Өңірлер |
|-------------|--|
| 1 белдеу | Алматы облысы; Жамбыл облысы; Қызылорда облысы; Түркістан облысы |
| 2 белдеу | Ақтөбе облысы; Шығыс Қазақстан облысы (оңтүстікке қарай 50° с.е.); Атырау облысы; Маңғыстау облысы; Қостанай облысы (оңтүстікке қарай 50° с.е.); Батыс Қазақстан облысы |

| | | |
|---|---|--------------------------|
|  КазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small> | «КазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен, жеке қорғау құралдарымен қамтамасыз ету жөніндегі корпоративтік стандарт | |
| ИБЖ корпоративтік стандарты | KMG-ST-3407.1-13 | 15 беттің 12-беті |

| | |
|-------------|---|
| 3 белдеу | Ш Шығыс Қазақстан облысы (солтүстікке қарай 50° с.е.); Қарағанды облысы; Солтүстік Қазақстан облысы; Павлодар облысы; Қостанай облысы (солтүстікке қарай 50° с.е.); Ақмола облысы. |
|-------------|---|

- I климаттық белдеу – кию мерзімі 36 айдан аспайтын жылы киім.
- Кию мерзімі 36 айдан аспайтын жылы аяқ киім.
- II климаттық белдеу – кию мерзімі 30 айдан аспайтын жылы киім.
- Кию мерзімі 30 айдан аспайтын жылы аяқ киім.
- III климаттық белдеу – кию мерзімі 24 айдан аспайтын жылы киім.
- Кию мерзімі 24 айдан аспайтын жылы аяқ киім.

5.5.2.5. Қызметкерлерге берілетін ЖҚҚ еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуі, олардың жынысына, бойына, көлемдеріне, орындалатын жұмыстың сипаты мен шарттарына сәйкес келуі тиіс.

5.5.2.6. Жекелеген жағдайларда, өндірістің ерекшеліктеріне сәйкес, осы Стандартта көзделген ЖҚҚ-ның бір түрі қорғау қасиеттері мен гигиеналық сипаттамалары, ЖҚҚ беру нормаларында көзделген кию мерзімдері бойынша ұқсас басқа ЖҚҚ-ға ауыстырылуы мүмкін.


5.5.2.7. Жұмыс жағдайына қарай, қызметкерлерге ЖҚҚ беру нормаларымен белгіленген тиісті пайдалану мерзімдерімен ұжымдық пайдаланыстағы ЖҚҚ беріледі.

5.5.2.8. Жұмыстың сипатына және еңбек шарттарына қарай, ұйымда кезекші ЖҚҚ мен ұжымдық пайдаланыстағы ЖҚҚ белгіленеді.

Кезекші ЖҚҚ мен ұжымдық пайдаланыстағы ЖҚҚ қызметкерлерге олар көзделген жұмыстарды орындау уақытына ғана берілуі тиіс немесе белгілі бір жұмыс орындарына бекітіліп (мысалы, тондар – сыртқы посттарда, диэлектрлі биялайлар – электр құрылғыларында), бір ауысымнан басқа ауысымға берілуі тиіс.

Кезекші ЖҚҚ мен ұжымдық пайдаланыстағы ЖҚҚ пайдалану мерзімдері, кезекші ЖҚҚ мен ұжымдық пайдаланыстағы ЖҚҚ беру нормаларына сәйкес, жеке пайдалануға берілетін ЖҚҚ-ның осындай түрлерін пайдалану мерзімдерінен аз болмауы тиіс.

5.5.2.9. Қызметкерлерден тәуелсіз себептермен ЖҚҚ сақтаудың белгіленген орындарында ЖҚҚ жоғалған немесе бұзылған жағдайда, ұйым олардың орнына басқаларын беруге міндетті. Талаптарға сәйкес келмейтін немесе қызметкерлерден тәуелсіз себептер бойынша киюдің белгіленген мерзімі аяқталғанға дейін жарамсыз болған ЖҚҚ ұйым актісінің бекітілген нысанының негізінде ауыстырылуы тиіс.

| | | |
|--|---|--------------------------|
|  КазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ЖҰРТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small> | «КазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен, жеке қорғау құралдарымен қамтамасыз ету жөніндегі корпоративтік стандарт | |
| ИБЖ корпоративтік стандарты | KMG-ST-3407.1-13 | 15 беттің 13-беті |

Қызметкердің кінәсынан ЖҚҚ жоғалған немесе бұзылған жағдайда, ұйым оларды ауыстырып, жоғалған (жарамсыз болған) ЖҚҚ құнын өтеуді кінәлі адамдарға жүктеуге міндетті.

5.5.2.10. Қызметкерлерге ЖҚҚ беру кезінде, ұйым қызметкерлердің осы құралдарды пайдалану, сақтау қағидаларымен және олардың дұрыстығын тексеру тәсілдерімен танысуын, сондай-ақ оларды пайдалану бойынша жаттықтыруын қамтамасыз етеді.

5.5.3. ЖҚҚ пайдалану және оларды күту

5.5.3.1. Қызметкерлерге берілген ЖҚҚ жұмыс уақытында ғана пайдаланылуы тиіс. ЖҚҚ таза, ақаусыз және пайдалануға жарамды болуы тиіс.

Жұмыс сипатына сәйкес келмейтін ЖҚҚ-сыз, сондай-ақ ақаулы ЖҚҚ-мен қызметкерлерді жұмысқа жіберуге болмайды.

5.5.3.2. ЖҚҚ пайдалануға, күтуге және сақтауға қойылатын талаптар ішкі еңбек тәртібінің қағидаларында немесе ұжымдық еңбек шарттарында, сондай-ақ ұйымның еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау нұсқаулықтарында ескерілуі тиіс. Қайта нұсқама беруді жүргізу кезінде ЖҚҚ пайдалану, күту және сақтау қағидаларын көрсету керек.

5.5.3.3. ЖҚҚ қызметкерлеріне берілген ЖҚҚ сақтау үшін, ұйым құрылыс нормаларының және қағидаларының талаптарына сәйкес арнайы жабдықталған үй-жайларды (гардеробтар) немесе жеке шкафтарды береді.


5.5.4. ЖҚҚ күту және кәдеге жарату тәртібі

5.5.4.1. Ұйым ЖҚҚ-ны лайықты түрде күтуді және олардың сақталуын ұйымдастырады, ЖҚҚ-ның уақытында химиялық тазартуды, жууды, жөндеуді және зарарсыздандыруды жүзеге асырады.

Бұл өндіріс шарттары бойынша талап етілген жағдайларда, өндірістік үй-жайларда арнайы киім мен арнайы аяқ киім үшін кептіргіштер, арнайы киімді шаңсыздандыру және ЖҚҚ зарарсыздандыру үшін камералар орнатылуы тиіс.

5.5.4.2. ЖҚҚ қорғау қасиеттерінің сақталуын қамтамасыз ету үшін өндірушінің талаптарына сәйкес ластанудан профилактикалық өңдеу (жуу, химиялық тазарту, дезинфекция, шаңсыздандыру) жүргізіледі.

5.5.4.3. Белгіленген (паспорттарда, пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарда және нормативтік құжаттарда) мерзімдерге сәйкес, ұйым ЖҚҚОД мен ЖҚҚ-ның (респираторлардың, газқағарлардың, өзін-өзін құтқарғыштардың, сақтандыру белбеулерінің және басқаларының) дұрыс істеу мәніне үнемі сынақтан және тексеруден (қараудан) өтуін, сондай-ақ жарамсыз болған ЖҚҚОД мен ЖҚҚ-ның сүзгілерін, әйнектері мен басқа да бөлшектерін уақытылы ауыстыруды

| | | |
|--|---|--------------------------|
|  КазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ЖҰРТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small> | «КазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен, жеке қорғау құралдарымен қамтамасыз ету жөніндегі корпоративтік стандарт | |
| ИБЖ корпоративтік стандарты | KMG-ST-3407.1-13 | 15 беттің 14-беті |

қамтамасыз етеді. ЖҚҚОД мен ЖҚҚ-ның дұрыстығы тексерілгеннен кейін, паспортта сынақ мерзімдері туралы белгі (жазба) жасалуы тиіс.

5.5.4.4. Сақтауға беру алдында, ЖҚҚ дезинфекциялануы, лас пен шаңнан мұқият тазартылуы, құрғатылуы және жөнделуі тиіс.

5.5.4.5. ЖҚҚ профилактикалық өңдеу мен жөндеу қызметкерлер жұмыста болмағанда (демалыс күндері) немесе ауысым арасындағы уақытта жүргізілуі тиіс.

5.5.4.6. Егер беру нормаларында арнайы киім мен арнайы аяқ киімнің екі немесе үш жиынтығын беру көзделсе, ЖҚҚ профилактикалық өңдеу мен жөндеу басқа да уақытта орындалуы мүмкін, бұл ретте қызметкерлерге осы уақытта ауыстырылатын жиынтық беріледі.

5.5.4.7. ЖҚҚ тазарту, профилактикалық өңдеу мен жөндеу мерзімділігі пайдалану шарттарымен және орындалатын жұмыстардың ерекшелігімен айқындалады.

5.5.4.8. Денсаулық үшін қауіпті және/немесе зиянды (қорғасын, оның қоспалары мен қосылыстары, сынап және басқалары) өндірістік факторлары бар жұмыстарды атқаратын қызметкерлердің ЖҚҚ-сын профилактикалық өңдеу санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдарының нұсқаулықтары мен нұсқауларына сәйкес жүргізілуі тиіс.

5.5.4.9. Қызметкер инфекциялық ауруға шалдыққан жағдайда, ол пайдаланған ЖҚ және олар сақталған үй-жайлар белгіленген тәртіппен тиісті түрде дезинфекциялануы тиіс.

5.5.4.10. Одан әрі пайдалануға жарамсыз ЖҚҚ-ны есептен шығару және басқа да ЖҚҚ алу үшін ЖҚҚ есептен шығару актісі жасалады.

6. Нәтижелелік критерийлері


Төмендегілер нәтижелілік критерийлері болып табылады:

6.1 Қауіпті және/немесе зиянды өндірістік факторлардың әсерінен қорғауды ұйымдастыру үшін осы Стандарттың талаптарына сәйкес, қызметкерлерді ЖҚҚ-мен 100%-ке қамтамасыз ету.

7. Құжаттарға сілтемелер

Осы Стандартта келесі құжаттар қолданылған:

| | |
|----------------|--|
| ТО ТР 019/2011 | ТО ТР 019/2011 Кеден Одағының техникалық регламенттеріне сәйкес декларация. «Жеке қорғау құралдарының қауіпсіздігі туралы» |
|----------------|--|

| | | |
|---|---|-------------------------|
|  | «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен, жеке қорғау құралдарымен қамтамасыз ету жөніндегі корпоративтік стандарт | |
| | ИБЖ корпоративтік стандарты | KMG-ST-3407.1-13 |

| | |
|---------------------------------------|--|
| ҚР СТ ИСО 10652-2010 | ҚР СТ ИСО 10652-2010 Киім. Стандартты көлемдер жүйесі |
| ҚР СТ ИСО 3636-2008 | ҚР СТ ИСО 3636-2008 Киім көлемдерінің белгіленімдері. Ерлер мен ұлдарға арналған сырт киім |
| ҚР СТ ИСО 3637-2008 | ҚР СТ ИСО 3637-2008 Киім көлемдерінің белгіленімі. Әйелдер мен қыздарға арналған сырт киім заттары. |
| МЕМСТ 17521-72 | МЕМСТ 17521-72 Ерлердің үлгі денебітімі. Киімді жобалауға арналған көлемдік белгілер |
| МЕМСТ 17522-72 | МЕМСТ 17522-72 Әйелдердің үлгі денебітімі. Киімді жобалауға арналған көлемдік белгілер |
| Директорлар кеңесінің № 126 хаттамасы | «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы мен дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп проценті тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-қа меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында тиесілі ұйымдардың тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу қағидалары |

8. Жазба нысандары

| | |
|-------------------------------|--|
| KMG-F-3411.1-13/ ST-3407.1-13 | ЖҚҚ логотипі мен түріне қойылатын талаптар |
| KMG-F-3412.1-13/ ST-3407.1-13 | ЖҚҚ-ға қойылатын жалпы талаптар |
| KMG-F-3415.1-13/ ST-3407.1-13 | Жеке қорғау құралдарын беру есебінің жеке карточкасының нысаны |